

## "Eurasian Resources Group S.a.r.l." компаниясының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 1411 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.03.2024 № 151 қаулысымен.**

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Васильевич Склярға және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Төкешұлы Такиевке "Eurasian Resources Group S.a.r.l." компаниясы (Люксембург) Директорлар кеңесінің құрамына кіруге рұқсат етілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.02.2026 № 135 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*